

6D010200 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Оспанбекова Мейргул Несипбековнаның «**Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау**» тақырыбындағы диссертациясына ресми рецензенттің

ШІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы Ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және Ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Жоғары оқу орындарындағы білім берудің басты мақсаты – болашақ мамандарды қазіргі жағдайларға бейімделуге даярлау ғана емес, жаңартылған білім мазмұнын оқып-үйренуді белсенді меңгертуге бағытталғандығында болып отыр. Сонымен қатар, өркениетті елдермен деңгейлес дамуымызға мүмкіндік беретін жаңа білім беру жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Осыған орай, бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінде оқыту үдерісін тың жаңалықтарға негізделген жаңа мазмұнмен қамтамасыз ету міндеті тұр. Сондықтан да терең білімді, өзгермелі жағдайға тез бейімделгіш, өзін өзі саналы игеретін, бәсекелестік жағдайда өресі биік, азаматтық-тұлғалық бет-бейнесі қалыптасқан, рухани жан дүниесі бай тұлға тәрбиелеу қоғамның басты мақсаттарының біріне айналып отыр.

Бұл мақсат – жаңартылған білім мазмұнын оқып-үйренудегі рефлексияның қажеттілігінен туындауда. Егеменді еліміздің білім беру жүйесінің мақсаты – өркениетті елдермен деңгейлес дамуымызға мүмкіндік беретін жаңа білім беру жүйесін қалыптастыру. Ол үшін білім мазмұнын жаңартып, оқытуда инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану, оқытушы мен білім алушының қарым-қатынасын ізгілендіру мәселелерін шешу, тұлғаның өзің өзі жетілдіруін, өз әрекетін дұрыс бағалау дағдыларын қалыптастыру мақсатында инновациялық технологиялардың әлеуетін толық пайдалану көзделуде.

Осы тұрғыдан алғанда, М.Н.Оспанбековнаның ғылыми жұмысы бүгінгі күннің өзектілігіне айналған қоғам талаптарына сәйкес алынған мағыналы, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлауда олардың бойында білім-білік, іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған тақырып. Аталған жұмыс Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаға және білім беру стандарттарына сәйкестендіріліп орындалған.

Сондықтан да М.Н.Оспанбековнаның диссертациясының өзектілігі, жоғары мектепте маман даярлау ісінде практикалық және ғылыми сұраныс, жалпы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес айқын алынған.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

М.Н.Оспанбекованың диссертациялық жұмысында мазмұндалған тұжырымдар мен қорытындылардың ғылыми-әдіснамалық және әдістемелік негізделуі айқын, шынайылық дәрежесі жоғары деп есептеуге болады.

2.1. *Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы* ізденушінің зерттеу мәселесі аясында алыс жақын шетел ғалымдарының еңбектеріне талдау жасап, нормативтік-құқықтық құжаттар мен білім беру саясатының қағидаларына сәйкес қабылданған стратегиялық даму бағдарламаларын басшылыққа алғандығы.

2.2. *Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы* докторант болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлығы ұғымының құрылымын, ХХІ ғасырдағы оқушыға керек ең маңызды қасиеттерді қалыптастыруға ықпалын, рефлексияның типтерін анықтап, оқушы мен болашақ мұғалімдердің рефлексиясының сипаттамаларын беру арқылы дәлелденген.

2.3. *Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы* инновациялық технологиялар негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі арқылы дәлелденеді. Модельде қарастырылып отырған мәселе бойынша мотивациялық, танымдық, әрекеттік компоненттер түзіліп, оның мазмұнына сай өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері анықталып, өзара тығыз байланыста жүзеге асатын тұтас құрылым ретінде қарастырылған.

2.4. *Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда қолданылатын ТРИЗ, АКТ, оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау технологияларының оқушылардың рефлексиясын дамытудағы әлеуетін сипаттап, әдістемелік тұрғыда талдау жасауымен дәйектеледі.

2.5. *Бесінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлауға бағытталған элективті курс бағдарламасы мен әдістемесінің әзірленуімен және тәжірибеде сынықтан өткізуімен дәлелденген.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Жүргізілген кешенді зерттеу жұмыстарының нәтижелері диссертацияға қойылатын талаптар аясындағы ғылыми ережелердің деңгейіне сәйкес орындалған. Ғылыми нәтижелер мен тұжырымдардың жаңалық деңгейі мәселені дұрыс қоя білуінде, оны негіздеп, ұтымды теориялық-әдіснамалық бағыт таңдай алуында. Ғылыми-зерттеу жұмысында тұжырымдалған ғылыми қорытынды мен нәтиженің жаңалығы бірнеше қырынан танылады:

- «Рефлексия» ұғымының психологиялық-педагогикалық категория ретіндегі ғылыми еңбектерде қарастырылуына терең теориялық талдау жасап, кешенді зерттеудің жүргізілуі – бірінші нәтиженің **жаңалығы** деп санаймыз;

- «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлығы» ұғымының мәні нақтыланып, құрылымының анықталуы екінші нәтиженің жаңалығы бола алады;

- Жұмыста болашақ бастауыш сынып мамандарын инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі, оның мазмұнына сәйкес әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдарды, технологиялары мен компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері айқындалғандықтан **жаңа** болып табылады;

- Бұған дейін Қазақстанда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау тақырыбы бойынша жеке зерттелмеген, сондықтан зерттеудің жаңалығы арта түседі. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда қолданылатын инновациялық технологиялардың оқушылардың рефлексиясын дамытудағы әлеуетінің анықталуы – төртінші нәтиженің **жаңалығына** дәлеле болады;

- Инновациялық технологиялар негізінде болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясын дамытуға даярлауға бағытталған элективті курс мазмұны мен әдістемесін жасалып, тәжірибелік-экспериментте сынақтан өткізілген. Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында авторлар ұжымымен бірлестікте әзірленген «Сауат ашу», «Қазақ тілі» ОӘҚ-ы пилоттық мектептерде апробациядан өтіп, ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұсынысымен 2016 жылдан бастап еліміздің барлық мектептерінің оқу үдерісіне енгізілуі – бесінші нәтиженің **жаңалығын** көрсетеді.

4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы.

Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер педагогика және дербес пәндерді оқыту әдістемелері үшін теориялық және практикалық тұрғыдан құнды материал болып саналады. Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар мен қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жоғары оқу орындарында, педагогикалық колледждерде және педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты тәжірибелерінде қолдануда көмегін тигізеді.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыстың негізгі қағидалары мен нәтижелері Scopus деректер қорына енетін жарияланымда, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, авторлар ұжымымен бірлестікте әзірленген жаңартылған білім беру мазмұны аясында ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған ОӘҚ, шет елдік және Отандық халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында, Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарында талап бойынша мақалалары жарияланған. Диссертацияның негізгі мазмұны

зерттеушінің баспасөзде жариялаған ғылыми еңбектерінде баяндалған (барлық саны – 30).

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Диссертацияда қарастырылған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін жоғары оқу орнында даярлаудың заманауи талабына сәйкес оқытудың жаңа әдістемелік тәсілдері ұсынылғанын, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау жолдарының ғылыми-теориялық және әдістемелік астарлары қарастырылғанын, элективті курстың оқу-әдістемелік жұмыстың жүргізілуі талаптарына сай жүйеленгенін, сол бойынша әдістемелік эксперименттік нәтижелері мен жетістіктері тұжырымдалғанын атай отырып, жұмыстың мазмұны мен құрылымына қатысты бірқатар ұсыныстарды айта кету қажет деп есептеймін.

1. Жұмыста жаңартылған білім беру мазмұны аясында авторлық бірлестікте әзірленген ОӘҚ-да берілген инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға бағытталған жұмыстар, оқыту әдістемесі кең көлемде талданған. Дегенмен де, оқушылардың рефлексиясын дамытуға негізделген жұмыс түрлері жеке әдістемелік құрал ретінде ұсынылса.

2. Кей тұстарда қолжазбада стильдік ақаулар мен грамматикалық қателер кездесіп қалады.

Көрсетілген кемшіліктер жұмыстың негізгі мазмұны мен тақырыптың өзектілігіне айтарлықтай нұқсан келтірмейді.

7. Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.

Оспанбекова Мейргүл Несипбековнаның қорғауға ұсынып отырған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау» атты диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің талаптарына сәйкес орындалған. Қорытып айтқанда, аталған диссертациясы үшін Оспанбекова Мейргүл Несипбековна 6D010200 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Рецензент:

І. Жансүгіров атындағы Жетісу

мемлекеттік университетінің профессоры,

педагогика ғылымдарының докторы



К.Т.Ыбырайымжанов